

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй жануарлары: Жылқы

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- үй жануарларының ерекшелігін еске түсіреді. Жылқы туралы әңгімелейді;
- үш тілде қайталайды, буын, әріп сандарын біледі;
- суретте бейнеленген жылқы сендер көріп жүрген қандай жылқыға ұқсайды;
- жылқының дене, бөліктерін атауды санауды;
- қандай жылқы (тұрған, жайылып жүрген, шауып келе жатқан) жылқы бейнеленген;
- жылқының боялған суретінде неше түс бар, салынған қарындаш саны қанша неге? Боя. Салыстыр.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- үй жануарларын атайды. жылқы туралы әңгімелейді;
- үш тілде айтады, буын, әріпті санайды;
- суреттегі жылқының олар көріп жүрген қандай жылқыға ұқсас екендігін көздерінің алдына елестетеді;
- жылқы дене бөліктерін атайды, қанша (аяқ, көзі) екенін санайды;
- қандай қимылдығы жылқы бейнеленгенін елестетеді, ой қорытады;
- боялған суретте неше түс бар, көрсетілген қарындаш саны қанша, сәйкес келе ме? Келмесе неге? Боя. Салыстыр. Бағала.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**


Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)  
Суреттің қайсысы ұқсайды? Неге?



Жайылып жүрген жылқы



Шауып келе жатқан жылқы



Мультфильмдегі жылқы

Топпен суреттегі өздеріне таныс сурет туралы әңгімелейді...  
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

**ҮЙ ЖАНУАРЛАР – ЖЫЛҚЫ**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй жануарлар атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)



3. Жылқы дене бөліктері:

Бас		
Көз		
Аяқ		
Құйрық		
Құлақ		
Аузы		

Өздік жұмыс

4. Суреттегі жылқы қандай қимылда көрсетілген. Неге олай ойлайсың? (Балалар оны қимылмен көрсете алады).

5. Боялған жылқыда, неше түс бар? Суреттегі түс саны. Қарындаш саны? Неге? түсіндір.



6. Бағалау. Салыстыр



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*